

Атырау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау және электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормаларын бекіту туралы

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы 30 желтоқсандағы № 395 қаулысы. Атырау облысының Әділет департаментінде 2016 жылғы 09 ақпанда № 3457 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңының 27-бабы 1-тармағының 34) тармақшасына сәйкес Атырау облысы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес Атырау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау және электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормалары бекітілсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Атырау облысы әкімінің орынбасары С.Ж.Нақпаевқа жүктелсін.

3. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және ол алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Облыс әкімі

Б. Измұхамбетов

Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы "30" желтоқсандағы № 395 қаулысына қосымша
Атырау облысы әкімдігінің 2015 жылғы "30" желтоқсандағы № 395 қаулысымен бекітілген

Атырау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау және электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметтерді тұтыну нормалары

1. Атырау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін жылумен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметті тұтыну нормасы

№ Атауы	Өлшем бірлігі	1 айға жылу энергиясын тұтыну нормасы
1 Жылыту маусымы кезеңінде жылумен жабдықтау	Гкал/м ²	0,024

2. Атырау облысында есептеу аспаптары жоқ тұтынушылар үшін электрмен жабдықтау бойынша коммуналдық көрсетілетін қызметті тұтыну нормасы

Ай	Жағу сағат-тары	1 бөлме	1	2	3	4	5	6	7	8	9	10
		Шам саны	4	6	7	8	9	11	12	13	14	15
	кВт/сағат	1	4	6	7	8	9	11	12	13	14	15
Қаңтар	410	164	238	287	312	336	361	410	435	459	484	509
Ақпан	310	145	200	238	256	275	293	331	349	368	386	405
Наурыз	260	155	202	233	249	264	280	311	327	342	358	374
Сәуір	160	145	173	193	202	212	221	241	250	260	269	279
Мамыр	120	147	168	183	190	197	204	219	226	233	240	248
Маусым	100	141	159	171	177	183	189	201	207	213	219	225
Шілде	100	146	164	176	182	188	194	206	212	218	224	230
Тамыз	140	148	173	190	198	207	215	232	240	249	257	266
Қыркүйек	190	146	181	203	215	226	238	260	272	283	295	306
Қазан	310	158	214	251	270	288	307	344	363	381	400	419
Қараша	380	158	226	272	295	317	340	386	409	431	454	477
Желтоқсан	440	166	245	298	324	351	377	430	456	483	509	536

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК